



## ПРЕЗИДЕНТ ҰҚК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады.

Президентке ведомствоның алдағы кезеңге арналған жоспары, сын-кәтерлерді ескере отырып ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шешімдері туралы баяндалды.

ҰҚК төрағасы ұлттық қауіпсіздік органдарын перспективті дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан шаралар, жедел қызметтік іс-қимылды ұйымдастыру және оның құрылымын жетілдіру жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы қызметті кадрлық және техникалық тұрғыдан нығайту, нормативтік-құқықтық базаны жаңғырту,

сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі үдерістерді оңтайландыру мен цифрландыру жұмыстары жайында айтылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына халықаралық терроризмге және діни экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне қарсы тұру, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік шекараны қорғау және күзету салаларындағы жағдай туралы ақпарат берілді.

Кездесу соңында Президент ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.



## АЗАМАТТАР МҮДДЕСІНЕ ДЕН ҚОЮ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевты қабылдады.

Президентке әділет органдары қызметінің негізгі бағыттары, сондай-ақ Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын жүзеге асыру аясында белгіленген министрліктің максаттары мен міндеттері жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа нормативтік актілер өзіндік қызметінің сапасын арттыру, заң

үстемдігін қамтамасыз ету және әділетті әрі қауіпсіз қоғам қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы құқықтық жүйені нығайту үдерісінде азаматтардың құқы мен мүддесіне ден қоюдың маңызын атап өтті.

Кездесу соңында Президент бірқатар тапсырма берді.

### ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі жазушы Төлен Әбдікке жеделхат жолдады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Халық жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдікке «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған сұхбатына орай жеделхат жолдады.

— «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатыңызды мұқият оқып шықтым. Өзекті ой-толғамдарыңыз арқылы ұлт руханияты үшін құнды дүниелер айтылған. Төл әдебиетіміздің даму көкжиегіне қатысты сын-пікірлеріңіз бен жас буынға қарата айтқан ақыл-кеңестеріңіз орынды деп санаймын. Шын мәнінде, жаһанды жайлаған қазіргідей құбылмалы заманда жазушылар қауымы көркем туындылары арқылы әділдік, жақсылық және адамдық құндылықтарын кенінен дәріптегені жөн. Бұл еліміздің келешегі үшін өте маңызды. Қаламыңыз қарымды болсын! Сізге мықты денсаулық, бақ-береке және толайым табыс тілеймін! — делінген жеделхатта.

### ӨЗЕКТІ

## САЛАНЫҢ ЖАЙЫ САН ТАРАУ



Электр энергетикасы саласында кезекті реформа жүріп жатыр. Еліміз бойынша 100-ден көп делдал компания жабылды. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жаппай таратылды. Алайда электр қуатына жолай үстемеақысын қосып, үлесін асап келген өнімсіз делдалдар нарықтан кеткенімен, ел күткендей, сарапшылар айтқандай, электр құны сол бойы арзандамады. Керісінше, қарапайым қазақстандықтар тарифтердің күрт көтерілгеніне шағымданады. Сонда бұл реформа не үшін қажет болды?

→ 4

### МӘСЕЛЕ



## ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮЙТКІЛ

Бүкіл әлемде тұқыммен қамтамасыз ету – мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудағы маңызды стратегиялық міндеті. Бірақ Қазақстан тәуелсіздік алғалы, өкінішке қарай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұқымын импорттаушы ел болып қалып отыр. Бұл мәселеге осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысының өзі назар аударып, нақты тапсырмалар берген болатын. Ендеше содан бері не өзгерді? Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының (ҰАҒББО) трансформациясы не берді? Бұған дейінгі проблемалар қалай шешімін табуда?

→ 5

### КАРТОП КЕТТІ ҚЫМБАТТАП...

Елімізде картоп бағасы қымбаттады. Соңғы аптада өндірушілер ұсынған картоп бағасы 170-тен 270 теңгеге дейін өсті. Ал Алматы мен Астанада бір келі картоп 455-500 теңгеге сатылып жатыр.



→ 4

### АҚ ҚАР ҮСТІНДЕ АЛТЫН ШАҒҒЫ

Осы қыстың басты додасы қысқы Азия ойындарына да санаулы күндер қалды. Ұлттық құрамамыз соңғы дайындықтарын пысықтап жатыр. Бірқатар спорт түрлерімен қоса, шаңғы спортынан да топ жаруға мүмкіндік бар секілді.



→ 8

21 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ



## ДЕПУТАТТАРДЫҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕРІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда сенаторлар 23 қаңтарда болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті. Сондай-ақ депутаттардың желтоқсан, қаңтар айларында ұйымдастырылған өңірлерге сапарлары кезіндегі жергілікті тұрғындармен кездесулері қорытындыланды.

Палата Төрағасы сенаторлар халықпен кездесулерде көтерілген өзекті проблемаларды депутаттық сауалдарға арқау етіп, оларды шешуге белсенді атсалысу керек екенін атап өтті.

«Жергілікті тұрғындармен кездесулерде азаматтарымыз өздерін аландатқан өзекті мәселелерді көтерді. Өңірлердің мүддесін қорғайтын палатаның депутаттары ретінде сенаторлар аймақтарды дамыту мәселесіне ерекше мән беруі қажет. Сол себепті алдағы уақытта іссапарлардың нәтижесі бойынша маңызды депутаттық сауалдар жарияланып, азаматтардың ұсыныстары палатаның заң шығару қызметінде ескеріледі деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Бюро отырысында осы аптада өткізілетін іс-шаралар талқыланды. Бұл аптада ЕАЭО-ның ішкі шекарасында шекаралық өткізу пункттерін реконструкциялау және салуға, салықтық және кедендік ақпараттық жүйелерге, азамат-

тарды әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге үйрету үшін орталықтар құру және олардың жұмыс істеуіне қатысты мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер жоспарланған. Сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру және медициналық сақтандыруды дамыту мәселелеріне арналған Сенат комитетінің кеңейтілген отырысы өтеді.

Отырыс кезінде Бюро мүшелері Палатаның алдағы бейсенбіде болатын отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды шығарды. Бұл заңның нормалары мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту, оның мәртебесін нығайту, бала құқықтарын қорғау және білім беру саласындағы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіруге арналған.

## ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯ ТАБЫСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин белгілі мәдениет және өнер қайраткерлеріне мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны табыс етті. Мемлекеттік стипендия әдебиет пен өнер саласындағы 75 адамға берілді.

Жыл сайын тағайындалатын бұл стипендия — мемлекеттің мәдениет және өнер қайраткерлеріне, шығармашылық қызметкерлеріне және жас дарындарға қолдау мен қамқорлығының айғағы. Сондай-ақ олардың ұлт мәдениетін өркендетіп, әлемге танытуға қосқан елеулі үлесіне көрсетілген құрмет. Аталмыш сыйлыққа ие болған әнші Қайрат Байбосынов бұл сыйлықтың өнер адамдарына деген мемлекеттің зор қолдауы мен құрметі екенін жеткізді. «Мемлекетіміз қашанда әдебиет пен өнер қайраткерлеріне қолдауын аяған емес. Осы уақытқа дейін қал-қадерімізше елге еңбек еттік, өнерімізді халыққа арнадық. Міне, бұл сыйлық соның жемісі деп ойлаймын», — дей-



«Мемлекетіміз жыл сайын түрлі мәдени іс-шаралар өткізіп, өнер мен әдебиет саласына айрықша көңіл бөледі. Қаламгерлердің

Мемлекеттік стипендия Асаннәлі Әшімов, Илия Жаканов, Бибігүл Төлегенова, Нұрғали Нүсіпжан, Меруерт Өтекешова, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Юрий Аравин, Сержан Шәкірат, Амандос Аканәев, Татьяна Тарская, Гүлвер Разиева секілді әдебиет пен өнер майталмандарына табысталды.

Сонымен қатар Канн халықаралық фестивалінің лауреаты Самал Есләмоваға, балерина Татьяна Тенге, опера солисі Максат Саматовқа және өзге де жас дарындарға мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Жалпы, стипендия иегерлері мемлекеттің қаржылай қолдауы арқасында шығармашылықпен алаңсыз айналысуға мүмкіндік алады. Бұл стипендия еліміздегі мәдениет және өнер саласының дамуына ықпал етіп қана қоймай, тың идеялар мен жобалардың іске асуына септігін тигізеді сөзсіз.

Наурызбек САРША



ді өнер иесі. Ал сыншы, жазушы Амангелді Кеңшілік болса, бұл құрметтің өнер мен әдебиетті дамытуда үлесі зор екенін айтады.

кітабын шығарып, олардың қаламақсына беріп, жаңа туынды тудыруына ынталандырады», — дейді ол.

## ТАСҚЫН ҚАУПІ ТАҒЫ ТУМАСЫН

Батыс Қазақстан облысында көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық барысы пысықталды. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев салаға жауапты мамандарды жинап, кеңейтілген кеңес өткізді. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев алдағы су тасқыны кезеңі Мемлекет басшысының тікелей бақылауында екенін атап өтті.



**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**  
Батыс Қазақстан облысы

Жалпы, Батыс Қазақстан облысында су тасқынына дайындық жұмыстары жаз айында басталған болатын. Себебі 2024 жылдың көктемі Батыс жұрты үшін ауыр болды. Қаншама үй, саяжай бірлестіктері суға кетіп, халықты біраз әбгерге салған болатын. Мұндай жағдай қайталанбас үшін жергілікті билік 2025 жылдың көктемінде дайындықты ерте бастады. Ол үшін суға кетеді-ау деген қауіпті аумақтар анықталып, су тасқынының алдын алу үшін Жол картасы жасалды.

Батыс тағы суға кете ме? Қазір елдің көкейінде осы сұрақ. Сұрамағанда қайтсын, 2024 жылдың көктемінде суға кетіп, дүние-мүлкі бүлініп, үйсіз-күйсіз эвакуацияланған жергілікті халық әлі ұмыта қойған жоқ. 2024 жылдың көктемінде облыс бойынша 5 927 үйге су кірді. Өңірде табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды.

Жарамсыз деп танылған 2 828 үйдің орнына 889 жаңа тұрғын үй салынды және 1 939 тұрғын үй сатып алынды.

«Су тасқынының салдарын жою жұмыстары 2024 жылы ойдағыдай аяқталды», — деп есеп берді облыс әкімдігі сол кезде.

Бірақ әне-міне дегенше 2025-тің көктемінде басы қылқып тұр. Қазгидрометтің болжамы да көңілді күпті етіп отырғаны бар.

— Биылғы қаңтар айында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бірдей мөлшерде жауын-шашын жауды. Осының нәтижесінде Таскала, Сырым, Бөрлі, Теректі, Бәйтерек және Орал қаласында жердің бетінде 2 см қалыңдықта мұз жабындысы пайда болды. Ауа райы күрт жылынып, жаңбыр мол жауатын болса, наурыз айында бұл мұз жабындысы су тасқынына әкелуі мүмкін. Қазір біз қыс мезгілінің дәл ортасындамыз, алдағы ақпан және наурыз айларында түсетін жауын-шашынның, топырақтың бетінде қалыптасқан мұз жамылғысын және күзгі топырақтың ылғалдануын

ескере отырып, Орал қаласы, Таскала, Бәйтерек, Теректі, Бөрлі, Шыңғырлау, Қаратөбе, Сырым, Қазталов және Ақжайық аудандарын су басу қаупі жоғары аумаққа жатқызымыз. Аталған аудандар көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындықты күшейту қажет, — деді «Қазгидромет» РМҚ БҚО филиалы директоры Тілеген Шапанов кеңейтілген кеңесте сөйлеген сөзінде.

БҚО-дағы ең ірі өзен — Жайық өзені. Облыста Жайық өзенінің арнасында орналасқан саяжайлар мен жағасында орналасқан ауылдар өте көп. Одан бөлек, қаланың дәл іргесінде Деркөл, Шаған өзендері айналып жатыр.

Қазір Жайық өзенінің бойы бекітіліп, су басу қаупі бар аумақтарға 102 шақырымды құрайтын 54 қорғаныс бөгеттері тұрғызылған. Жаман айтпай жақсы жоқ, су тасқыны бола қалған жағдайда халықты орналастыратын 219 орын әзірленіп қойған. «Ол жерге шамамен 47 мың адамды орналастыра аламыз» деп отыр мамандар. Ал жан-жануарларды судан қорғау үшін 200-ге жуық орын дайын тұр. БҚО-да қазір су басу қаупі бар делінген 186 елді мекеннің тізімі жасакталған.

«Төтеншеліктер қазір осы маңдағы елді мекендерді ерекше бақылауда ұстап отыр», — деп атап өтті БҚО ТЖД бастығы Руслан Қасыбаев.

Биыл БҚО-да «Батыс Ирригация» деген жаңа мекеме ашылды. Бұл — көктемгі су тасқынына дайындық жұмыстарына қарсы шара атқаруы тиіс бірден бір орган. Себебі осы мекеме аймақтағы бөгеттер мен қорғандарды түгендеумен айналысады. Бір өкініштісі, облыста бөгеттер мен су қоймалары мүлдем қараусыз қалған. Бұл туралы мамандар өздері бірнеше рет айтты. Тіпті, кейбір бөгеттер ешбір мекеменің баланында жоқ, иесі болмағанын оны ешкім күтіп ұстамаған да. Соның кесірінен 2024 көктемінде су бәрін шөйіп кеткен. Енді осындай оқиғалық болмас үшін жоғарыдағы мекемені құрып отыр.

— Әбден тозған гидротехникалық нысандарды жөндеу, иесіз қалғандарының құжатын жасау мәселесі өткір тұр. Олқылықты жою үшін өңірде жаңа кәсіпорын құрылды. Президент тапсырма-



сы бойынша біздің облыста «Батыс Ирригация» мекемесі құрылды. Қазір онда 19 адам жұмысқа қабылданды. «Батыс Ирригацияның» теңгеріміне гидротехникалық құрылымдар беріліп жатыр, — деп атап өтті БҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Молдашев.

Жоғарыда атап өткендей, тәуелсіздік алғалы өңірдегі бөгеттер мен су қоймаларының жай-күйіне ешкім бас қатырмаған. Соның салдарынан олар әбден тозып, су ұстамайтын халде, тіпті кейбірі жермен-жөксен болып тып-типыл болған. Енді былтырғы су тасқынынан сабақ алған өңір атқамінерлері аймақтағы гидронисандарды түгендеп, жөндеуінің жөндеп, қайта салатынын қайта салып жатыр. Мәселен, БҚО бойынша 50 гидронисан бар екен. Мұның ішінде 39 су қоймасы бар. Биыл Президент тапсырмасына сәйкес өңірдегі гидронисандарды қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүруде.

— Қазіргі уақытта 11 су қоймасын реконструкциялау үшін жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. 2024 жылы Ақжайық ауданы Солянка өзеніндегі Ақжайық су қоймасын және Бөкейордасы ауданындағы Мұратсай су қоймасын реконструкциялауға құжаттар әзірлеу басталды. Жалпы құны 431,722 млн теңгеге Теректі ауданындағы 9 су қоймасын реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама дайындалуда. 2024 жылы «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қоры есебінен 2,9 млрд

теңге сомасына 19 қорғаныс бөгеті қалпына келтірілді, — дейді Марат Молдашев.

Өкінішке қарай, өңірдегі су қоймалары мен бөгеттердің жағдайы мүшкіл. Мамандар 20 гидронисан қанағаттанарлықсыз жағдайда деп отыр.

— Мәселен, Ұзынкөл, Жана өмір, Кемер, басқа да қанағаттанарлықсыз жағдайдағы бөгеттер 2025 жылы қатты су келсе бұзылып кетуі мүмкін. Сондай-ақ Жайық өзені бойынша жағалауды шайып кету қаупі бар, жағалауды нығайту жобаларын іске асыруға қаражат бөлу қажет, — деп қорытындылады М.Молдашев.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев су қоймалары мен тоғандардың жағдайын бақылау, тасқын суды өткізуді қамтамасыз ететін арналарды, каналдарды, арықтарды тазалауды, сонымен қатар су тасқынын жоюға арналған күш пен құралдардың, қорғаныс бөгеттерінің дайындығын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Көктемге барынша дайын болуымыз керек. Су тасқынының алдын алу шараларын сапалы жүргізіміз маңызды. Қала, аудан әкімдері және тиісті мекемелердің осы жұмыстарды күшейтуін тапсырамын», — деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

БҚО-дағы су тасқыны қаупі туралы алғашқы ақпаратты Қазгидромет өкілдері ақпан айының басында береді. Қазір мамандар Ресейдегі әріптестерімен тығыз байланыста отырғандарын айтады.

## МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУҒА ТИІС

Былыр Алматы облысында 950 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынып, 17 ауыл газбен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ 700 шақырымға жуық жол жөнделді және басқа да маңызды жұмыстар атқарылды. Өңірде партияның сайлауалды уәделерінің жүзеге асырылу тиімділігі Қонаев қаласында өткен «АМАНАТ» партиялық бақылау комитетінің көшпелі отырысында талқыланды. Сонымен қатар партия өкілдері сайлауалды бағдарлама аясында салынып жатқан әлеуметтік нысандардың құрылысымен танысты.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, бытыр өңірде нақты экономика саласында 23 жоба жүзеге асырылып, 8 мың жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ 19,4 мың орынға арналған 18 мектеп, 47 жаңа денсаулық сақтау нысаны салынды. Осылайша, «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы азаматтардың өзекті мәселелерін шешуге және облыстың тұрақты дамуына бағытталғанын көрсетті. «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында бытыр 420 мың гектардан астам пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлері анықталса, оның 90 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Ал «Ауыл аманаты» жобасы бойынша соңғы екі жылда 1 200-ден астам адам жеңілдетілген несиелі алды», — деді ол.

Алматы облыстық мәслихатындағы «АМАНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі Ләззат Тұрлашов мәслихат депутаттарының жұмысы туралы айтты. 2024 жылы



халық қалаулылары сайлауалды бағдарлама нысандарына 220-дан астам рейд жүргізіп, 450-ге жуық депутаттық сауал жолдады. Сонымен бірге оның айтуынша, сайлауалды бағдарламаның кей тармақтарының орындалмау себебі — қаржының жеткіліксіздігі мен кейбір мердігерлердің жауапсыздығы.

Комитет төрағасының орынбасары Майра Айсина сайлауалды бағдарламаның әрбір негізгі нысанына қойылған партиялық бақылау бекеттерінің маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, амбулаториялар немесе мектептер салу сияқты тапсырмаларды орындаудағы кідірістер кейде нақты себептермен байланысты болғанымен, мұндай жағдайлар сирек кездеседі.

«Меніңше, мәселе себептерде емес, нақты жауапты адамдарда, мәслихат депутаттарында. Барлық мәслихаттарда біздің партиялық фракциялар басымдыққа ие, сондықтан кез келген мәселелерді жедел шешуге және жергілікті бюджеттен қаражат бөлуге мүмкіндіктері бар. Жауапты қызметтерге кіріспес бұрын, олар өздеріне «Мен не үшін партияға кірдім, не үшін депутат болдым?» деген сұрақтарды қою керек. Ешкім оларды жауапкершілік алуға мәжбүрленген жоқ!» — деді ол.

Сонымен қатар мерзімде салынбаған немесе жөнделмеген мектептер, емханалар, спорт кешендері және жолдар тізімі жасалған. Мәжіліс депутаты, Комитет төрағасы Павел Казанцевтің айтуынша, жоспарлаудағы кателіктер көптеген нысандардың қаржыландырылмауына әкелген. Ал мәслихаттар кез келген өзекті мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылдауға қабілетті.

«Нысандардағы туындаған мәселелер мемлекеттік органдардың, тапсырыс берушілердің және мердігерлердің қатысуымен сұрау салу, ресми хаттар және жиналыстар арқылы жедел қаралуға тиіс. Алайда қазіргі жағдай ондай емес. Кейбір депутаттар өздеріне бекітілген нысандарға мүлдем бармайды, жұмыстардың барысына қызығушылық танытпайды, кейде тіпті қай нысанның бақылау алынғанын білмейді», — деді ол.

Отырыстың қорытындысы бойынша Комитет мүшелері облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының сайлауалды бағдарламаның жекелеген тармақтарын сақтамағаны және оларды жүзеге асыруға жеткілікті бақылау жүргізбегені үшін партиялық жауапкершілігін қарастыру туралы шешім қабылданды.

## БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ АЙТЫЛДЫ

Түркістан қаласында балаларға арналған 200 мыңнан астам кітап бұлдіршіндерге қолжетімді болудың орнына Farab ғылыми-әмбебап кітапханасының жертелесінде сақталып тұр.



Жуырда депутаттардың өңірлерге сапарлары барысында мәжілісмен, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Нұрсұлтан Байтілесов Түркістан қаласының тұрғындарымен кездесті. Farab кітапханасының ұжымымен әңгімелесу барысында халық қалаулысы кітапхана ісі саласындағы мамандардың, заманауи нысандардың жетіспеушілігіне және кітапханаларды жаңғырту қажеттілігіне назар аударды. Сондай-ақ ол шамамен бір жыл бұрын Шымкенттен Түркістанға көшірілген Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы мәселесіне жеке тоқталды.

«Мұндай мәдени мұра балаларға қолжетімді болуға тиіс. Кітапхананың өз ғимараты болуы керек. Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасын орналастыру мәселесі барлық тиісті мемлекеттік органдар тарапынан ойластырылған іс-қимыл мен үйлесімді шешімді талап етеді. Кітапхананы көшіру — күрделі процесс. Бұл қадамға Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан да тиісті назар аударылуы керек. Қолайлы нысан табу мәселесін шешуде де белсенді көзқарас қажет. Бірлескен күш-жігер арқылы әр кітаптың өз оқырманын табуын және балалардың білім беру ресурстарына толық көлемде қол жеткізуді қамтамасыз ете аламыз», — деді депутат.

Сонымен қатар депутат елімізде 3 мыңнан астам кітапхана бар екенін, алайда олардың

дамуына жауапты ресми органда тек екі маман жұмыс істейтінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалар әдебиеті мен кітапханаларды қолдау мәселелерін бірнеше рет көтерді. Ол ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығарудың маңызына назар аударып, кітапханалар мәдени даму мен білім беру орнына айналуы керек екенін атап өтті. Бұл жерде депутаттық корпусың ғана емес, ең алдымен, мемлекеттік органдардың міндеті — саланы қаржыландырудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету», — деді Нұрсұлтан Байтілесов.

Айта кетейік, «АМАНАТ» партиясы Президенттің отандық әдебиетке деген қызығушылықты арттыру, адамдарды оқуға ынталандыру және қазақстандық авторлар мен кітап шығарушыларды қолдау мәселелеріне қатысты тапсырмаларын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Мәселен, бір жылдан астам уақыт бойы «Кітап-АМАНАТ» партиялық жобасы іске асырылуда. 2024 жылы жоба аясында ел аумағында 23 кітап орталығы ашылып, онда кітаптар қол жетімді бағада сатылуда. Бұл орталықтарда отандық әдеби туындылар ғана емес, сонымен қатар әлемдік бестселлерлер де бар. Сонымен қатар кітап орталықтары мәдени-ағарту іс-шараларының алаңына айналды: бір жылда 550-ден астам іс-шара өткізіліп, оған 13 мыңнан астам адам келді.



Жылу желілерінің тиімділігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды орынға ие бірден-бір фактор. Десек те, әзірге аталған тақырып төңірегінде әлі күнге дейін түйіні тарқатылмаған мәселелер жоқ емес.

**Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы

Олай дейтін себебіміз, қазір Қазақстандағы жылу желілерінің жартысынан көп бөлігі ескірген. Дәлірек айтсақ, елде жалпы саны 13 мың шақырым жылу желісі бар болса, оның 7 мың шақырым желісінің тозығы жеткен. Бұл дегеніміз — Қазақстандағы жылу желілерінің 53 пайыздан астамы ескірген деген сөз. Тозу деңгейінің өсуі түрлі апаттар мен жылу шығындарының көбеюіне әкеліп соғуы мүмкін.

## ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ: САҚТАНСАҢ — САҚТАЙДЫ

Еліміз бойынша жылу желілерінің жоғары тозу деңгейі байқалатын өңірлердің қатарында Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау және Қарағанды облысы бар. Бытыр Өнеркәсіп және құрылыс министрі Канат Шарлапаев Үкімет отырысында 2030 жылға дейін жылу желілерінің тозу деңгейін 43 пайызға дейін төмендетуге тиіс екенін, ал бұл мақсатқа қол жеткізу үшін жыл сайын шамамен 350 шақырым жылу желілерін жөндеу қажет екенін атап өткен еді. Ал жоспарға сәйкес жөндеу жұмыстарын сәтті жүргізу үшін жылына шамамен 250 млрд теңге қажет. Министрдің дерегіне, бытыр жылу желілерін жаңғырту үшін 128 млрд теңге қарастырылған. Биыл да энергетикалық коммуналдық желілерді жаңғыртуға бағытталған жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жобасы аясында еліміздегі коммуналдық желілерді жаңғырту үшін 7 трлн теңгеге жуық қаржы бөлінеді. Сондай-ақ жобала көзделген тағы бір мәселе — желілерді жаңғырту жұмыстары кезінде ең алдымен



тозу деңгейінің 65 пайызынан асатын өңірлер назарға алынады. Жоба аясында еліміздегі 86 мың шақырым желіні жаңғырту жоспары алға қойылған.

Алматы қаласының әкімдігі биыл да жылу және электрмен жабдықтау желілерін ауқымды жаңғырту жұмыстары жоспарланғанын жеткізді. Қала әкімдігінің

Ал алып шаһар Алматыда жылу қуаты жеткілікті ме? Биыл жылу желісінің тозу деңгейін төмендету үшін қандай жобаларды іске асыру жоспарланған? Қазір мегаполисте жылу желісінің тозуы 57 пайыздан жоғары көрсеткішті құрайды. Бұл жылу мәселесі жыл сайын шаһар тұрғындары үшін өзекті тақырыпқа айналатынын көрсетеді.

дерегіне сүйенсек, 2025 жылы 40 шақырым жылумен және 240 шақырым электрмен жабдықтау желілерін жаңғырту, сонымен қатар 21 қазандық қайта жаңарту ісі көзделген. Әкімдік өкілдері қабылданған шаралар инфрақұрылымның тозуын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретінін алға тартты. «2024–2025 жылдары жылумен жабдықтау желілерінің тозуы 3,8 пайызға

**Алматыда бытыр аяқталған жұмысқа назар салып қарасақ, 2024 жылы қалада 20 шақырым жылумен жабдықтау желілері, 220 шақырым электрмен жабдықтау желілері жаңартылды, 85 қазандық қайта құрылды.**

төмендеп, 54,1 пайыз болса, электрмен жабдықтау желілерінің тозуы 1,7 пайызға азайып, 63,3 пайызға жетеді», — дейді Алматы қаласының әкімдігі.

Алматыда бытыр аяқталған жұмысқа назар салып қарасақ, 2024 жылы қалада 20 шақырым жылумен жабдықтау желілері, 220 шақырым электрмен жабдықтау желілері жаңартылып, 85 қазандық қайта құрылды. Қала әкімдігінің мәліметінше, жөндеу жұмыстары тұрғындарға қолайсыздық тудырмау мақсатында жылыту аралық кезеңде жүргізілген. Мәселен, Алматы қаласының Медеу ауданында 1986 жылы төселген құбырларды ауыстыру жұмыстары соңына жетсе, Құрманғазы көшесінде ұзындығы 305 метр учаске жаңартылған. Онымен қоса төрт нысан мен бес көпқабатты үй жылумен қамтамасыз етілді.


«Алматы жылу желілері» ЖШС техникалық директоры Темірхан Әлжан қалада бытыр 20 шақырым жылу желісін жаңғырту жоспарланса, биыл бұдан да жоғары көрсеткішті қамтитынын, сондай-ақ жаңа желілердің қызмет ету мерзімі 30 жылдан басталатынын жеткізді.

Қалада өткен жылдың қазан айында басталған жылыту маусымы қазір шаттық режимде өтіп жатыр. Жылыту жүйесіне 8 863 көпқабатты тұрғын үй, 404 білім беру және 128 денсаулық сақтау нысаны қосылған.





21 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

### «ЖОШЫ ХАН» – ӘЛЕМ НАЗАРЫН АУДАРАТЫН АУҚЫМДЫ ЖОБА

Бүгінгі қазақ киносының ауқымы кеңейіп, көрермен аудиториясы жыл сайын артып келеді. Одан бөлек, отандық актерлерге беделді, танымал кинокомпаниялар түсіретін фильмге ұсыныс та жиі түсіп жатыр. Бұған дейін шетелдің бірқатар фильмдерінде кейіпкерлерді сомдаған актерлер енді Netflix-ке шықты. Тіпті, бұл компания Жошы хан туралы сериал түсіретінін мәлімдеген болатын. Атаулы жоба Daga Президенттік бастамалар қоры мен Karga Seven Pictures компаниясының бірлесуімен жүзеге асырылады. Қазақ даласында іргесі қаланғанына 800 жыл толып отырған Жошы ұлысының тарихи кезеңіне, Жошы ханның тарихи образына негізделген фильм әлемге қазақтың ұлан-ғайыр даласын танытуда айрақша рөл атқарады.

«Жобаның мақсаты – Қазақстанның шежіресінде із қалдырған көшпелілердің жер үшін күрестегі өмірін, дипломатиялық қарым-қатынасын, мәдени мұрасын көрсету. Жошы ханның өміріне арналған фильм алты сериядан тұрады. Сериал бұл дәуірді шынайы және әсерлі түрде жеткізеді. Сценарийге қазақстандық тарихшылар мен халықаралық сарапшылар кеңес береді. Жоба тек шайқас көріністері мен сарай интригаларын көрсетіп қана қоймай, ұлы хандар тұсында өмірі қалыптасқан қарапайым адамдардың тағдырын ашуға ұмтылады, сонымен қатар Алтын Орданы байлық пен күштің орталығы ретінде ғана емес, халықтар мен мәдениеттерді біріктірген өркениет ретінде көрсетеді. Алтын Орда тарихы халықаралық аудитория мен дистрибуторлар тарапынан үлкен қызығушылық туғызуда. Жаңа телехикая әлемнің түкпір-түкпірін көрерменнің назарын аударатын ауқымды жоба болады деп күтілуде, – дейді Daga Президенттік бастамалар қорының баспасөз қызметі.

Қор мәліметінше, телехикаяны әзірлеушілер Жошы Ұлысын, Алтын Орда тарихын, көшпелі халықтардың және қазақтардың мәдени құндылықтары мен өмір салтын толық зерттеді. Жошы ханның тұлғасы, оның тарихи образы суреттелетін сериал ұлттық киноның тарихи жанрын тағы бір жана деңгейге көтермек. Мұндай жобалар қазақ мәдениетін, оның өткені мен қазіргісін жан-жақты көрсетуге әбден септігін тигізуі мүмкін.

Әлемге танымал кино түсіретін алпауыт компаниялардың бірі – америкалық Netflix. Онлайн кинотеатрдың өнімдері қазір әлемнің 20-дан астам тіліне аударылады. Мұны неге айтып отырмыз? Себебі осындай әйгілі компаниялардың назары бүгінде қазақстандық актерлерге де түсіп отыр. Атап айтқанда, былтыр қазақ киносы үшін табысты әрі тың жаңалыққа толы жыл болды. Қазақтың екі бірдей қызы Алтынай Нөгербек пен Дина Тасболатова және актер-каскадер Олжас Тоғымбет Netflix-тің шақыртуына ие болды. Одан бөлек, биыл Netflix-тегі танымал жобалардың авторлары елімізде Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы хан туралы сериал түсірмек. Бұл қазақ киносының әлемдік киноарықта өзінің орнын айшықтай бастағанын көрсетеді.

## NETFLIX: ЕНДІ ҚАЗАҚТАР ОЙНАЙДЫ



“

*Жобаның мақсаты – Қазақстанның шежіресінде із қалдырған көшпелілердің жер үшін күрестегі өмірін, дипломатиялық қарым-қатынасын, мәдени мұрасын көрсету.*

### NETFLIX-тегі ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Бұған дейін отандық кино талай белестерді бағындырып, жеңіс қоржынын толтырып келген еді. Оған бірқатар халықаралық кинофестивальдерде жүлделі орынға ие болып, үздік киноның қатарынан көрінген режиссерлік жұмыстар дәлел. Алайда Netflix-ке шақырылған, дүниежүзіне танымал кинокомпаниялардың жобасына қатысқан отандық актерлер жайлы көп ести бермейтініз. Бүгінде қазақ кино нарығының ауқымы кеңейіп, кино актерлер

далады. Кино жобасы осыдан 5 жыл бұрын басталғанымен, түсірілім жұмыстары енді жүзеге асып жатыр. Испанияның Бильбао қаласына аттанған актриса Алтынай Нөгербекке хабарласқанмызда, қазір түсірілімнің қызу жүріп жатқанын, өзінің кинодағы образы туралы айтып берді.


– Бізде «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» деген әдемі тәмсіл бар ғой. Дәл осы жоба мен үшін сөзсіз бақ болды. Негізі, бұл жоба 2019 жыл басталған, бірақ сәті енді келген екен. Алғашқы кастинг, әдеттегідей бірнеше кезеңнен өткен, сол кастингтен өткенім туралы хабар келген. Сол кездегі қуанғым бір бөлек. Бірақ арада біраз уақыт өтіп, байланыс болмай тағы жауап күтіп қалдым. Байқасам, кастинг екінші рет тағы жария-

– Айтпақшы, бұл фильм Plano a Plano компаниясы мен отандық UMAI-FILM бірлескен жобасы аясында түсіріліп жатыр. Кинодағы есімім – Анар, лагерь маңында тұратын ауылдың тұрғыны. Туысқандарға жанашырлық танытып, көмек көрсетуге тырысып жүретін әйел бейнесі. Қазір түсірілім жүріп жатыр. Аландағы ахуал дәл Қазақстандағыдай. Мұндағы ерекшелік – артық жұмыстың істелмеуі. Яғни, кино түсіруді жұмыс деп емес, ләззат алудың бір жолы деп қабылдайды екен. Байқағанымыз осы.

Актердің барлығы кәсібилігін, қабілетін барынша көрсетіп жатыр. Бұл жобаға талантты, танымал, кәсіби біліктілігі жоғары испан актерлері жұмыла кірісіп жатыр. Сондай-ақ операторлық құрам әйгілі «Снежное братство» фильмі үшін «Оскар» сыйлығын алған. Естүімше, осы операторлық құрамның режиссермен алғашқы жұмысы екен. Сондықтан әр тарап та үлкен қызығушылығын көрсетуде. Бұл – испандар үшін тарихи әрі қымбат кино. Өйткені испандықтардың тағдырын баян ететін үлкен туынды болмақ. Бастан кешкен ауыр кезеңде қазақтар қол ұшын берді. Ол кезде қазақ халқы барлығына күшағын кенінен жайды ғой. Мигель Анхель Вивас бір әңгімесінде маған: «Анар Рейес үшін Отан» деп еді. Анар – Отан-ана, Жер-ана, туған жердің бейнесі, осындай жиынтық бейне. Кино барысында менің сахналарым көп емес. Әйтсе де, мен шығатын әр сахна өте маңызды. Сондықтан өзімде жүктелген образды режиссер оялағандай экранда көрсетуге тырысамын, – деді А. Нөгербек.

Netflix түсіретін әйгілі жобада қазақтың үш актері өнер көрсетеді. Бірі ресейлік кинода да бірқатар рөлді сомдаған Дина Тасболатова – қазақ әйелінің адалдығын ту еткен әйелдің бейнесі, Айсұлу есімді кейіпкердің образын алып шықпақ. Ал Испаниядағы қазақ жігіті Фараби Аккозтовтың Ораз бейнесі – сол кездегі қазақ интеллигенциясы. Айта кету керек, түсірілім тобының арасында М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының актері Сергей Уфимцев те бар.

Қазақ киносы – қазақ тарихы. Ертенгі күнге бүгіннен естелік. Мұндай естелікті түсіруді қолға алған Netflix-тің жобалары да қазақ мәдениетінің, тарихының сақталуына үлкен үлес қосып, қазақ киносының әлемге танылуына зор мүмкіндік ашады.



отандық киномен ғана шектеліп қалмайтын дәрежеге жетті. Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртісі, танымал актриса Алтынай Нөгербек Netflix-ке шақырылған тұңғыш қазақ қызы атанып, белгілі фильмдердің авторы, испандық режиссер Мигель Анхель Вивастың «Перемире» La Tregua жоба аясында түсірілетін кинода қазақ әйелінің рөлін сомдайды. Аталған фильм испан халқының тарихи тағдыры мен тұрмысын көрсетеді және қазақ халқы арасындағы достық, жанашырлық сезімі ерекше баян-



## ӘЗІРБАЙЖАН МӘМБЕТОВ ФЕНОМЕНІ



2025 жылдың 16 қаңтарында ҚР ҰҚК Шекара академиясының акт залында бүкіл саналы ғұмырын театр және кино өнеріне арнаған тума талант, Кеңес Одағының Халық әртісі, Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов туралы қазақ тілінде жазылып, орыс тіліне аударылған «Феномен режиссера Азербайжана Мамбетова» атты кітаптың тұсау кесері өтті.

Оған Ә.Мәмбетовтің көзін көрген аға буын өкілдері мен автордың әріптестері және Шекара академиясының бастығы генерал-майор Павел Поливанов пен ҰҚК Академиясының бастығы саясаттану ғылымдарының докторы генерал-майор Ахат Мұқашев қатысты.

Іс-шараны 1 факультетке қарасты 5 арнайы кафедрасының ұжымы ұйымдастырды. Айта кету керек, кітап авторы – аталмыш кафедраның профессоры, фи-

лософия ғылымдарының докторы, профессор Күмісбала Молтобарова.

Салтанатты кешке қатысқан қонақтар шара басталмас бұрын тақырыпқа қатысты режиссер Ә.Мәмбетов жайлы түсірілген видеороликті тамашалады. Шекара академиясының бастығы, генерал Павел Константинович:

«Философия ғылымдарының докторы, профессор Күмісбала Молтобарованың Халық қаһарманы, КСРО-ның, Қазақ КСР



Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты профессор Әзірбайжан Мәмбетовтың тұлғасы мен шығармашылығына арналған атты кітаптың тұсау кесері өтті. Бұл кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақтың мәдени мұрасын сақтау, зерделеу және насихаттау» бағдарламасы аясында жарық көрген. Бүгінде кітап еліміздің барлық мемлекеттік кітапханалары мен мемлекеттік мекемелеріне таратылған. Бұл кездейсоқтық емес, өйткені қазіргі жағдайда гуманизм идеяларының терең дағдарысымен сипатталатын жағдайды түсіну ерекше маңызды. Қазіргі қоғамда барған сайын жойылып бара жатқан кейбір жеке дәстүрлер немесе әлеуметтік тұтастық элементтері дүниедегі сана мен өзіндік сана

тәжірибесін білдіретін гуманистік дәстүрдің тіліне айналды. Өйткені ол классикалық мәдени формациялардағы «Меннің» онтологиялық сабақтастығын қамтамасыз етті. Мұндай жағдайды бірінші болып шығармашылық адамдары ғана түсінеді. Мәдени ортада мұндай тұлға қазақ режиссурасының хас шебері атанған Әзірбайжан Мәмбетов болды. Оның талантының жұлдызы баяғыда-ақ көтеріліп, театр көкжиегінде берік орын алып, еліміздің аумағынан тысқары жерлерге де жетті. Ол атағы жағынан ғана емес, өз ұлтын шынайы сүйгендіктен де халық әртісі атанды. Оның бар мұрасы режиссерлік қолтанбасы саханада ғана емес, көрермен жүрегінде де өшпес із қалдырғаны ақиқат», – деді.

Иә, елінің ықылас-пейіліне бөленген Әзекеңнің өнер саласындағы атак-данқы қандай биік болса, елі үшін отқа түсеуге

даяр тұрған қайраткерлік тұлғасы да санамызда жаңғырады.

Сол бір жылдары Қазақстанда театр біткеннен аузында жүретін, күні бүгінге дейін үлкендердің жастарға аңыз ертегі айтқандай майын тамызып, болмыс, бітімін, шығармашылық әлеуетін жыр ғып айтып отыратын екі тұлғасы болса соның бірі – Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетов. Ол қойған спектакльдер бұл күнде қазақ театр өнерінің тарихына алтын әріптермен жазылып қалды.

Өз кезегінде Қазақстан журналистика академиясының академигі, мәдениеттанушы, «Алаш» халықаралық сыйлығының лауреаты, «Күрмет» орденінің иегері, сыншы Әлия Бөпежанова:

«Мен кітапты қуана-қуана оқып шықтым. Кітап өте объективті, әсерлі болып шығыпты. Бәлкім автордың өзінің осы адамға деген әсерлі көзқарасы болғандықтан шығар. Расында, Әзірбайжан Мәмбетовтің көрнекті шығармашылығы еліміздің режиссура деңгейін бұрын-соңды болмаған жетістікке, биіктікке жеткізді. Әрбір көрерменнің жүрегіне ұмытылмас әсер қалдыратын оның театрландырылған қойылымдары аншлаптен өтетін. Оның кино саласындағы еңбектері Қазақстан кинематографиясының алтын қорына кіреді. Ол керемет талантты жұмыс істегенде қажымас қайратты болғанымен, қиын тағдырлы адам еді», – деді.

Иә, қазақ театр өнері – Әзірбайжан Мәмбетовтің үлкен еңбегі. Ол өзінің бар ғұмырын театр саласына қызмет етуге сарп етті. Өз ісінің шебері, кеменгер режиссердің талантынан шабыттанып отырған ұрпақ оны әрдайым есіне алып бағалайтын болады.

**Жанат ЖАБЫРБЕКОВ,**  
ҚР ҰҚК Шекара академиясының  
баспасөз хатшысы



# ДОДА

21 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ



**Осы қыстың басты додасы қысқы Азия ойындарына да санаулы күндер қалды. Ұлттық құрамамыз соңғы дайындықтарын пысықтап жатыр. Бірқатар спорт түрлерімен қоса, шаңғы спортынан да топ жаруға мүмкіндік бар секілді. Қалай десек те, «арық айтып, семіз шыққымыз» келеді.**

### **Әсет ҚАЛИ**

Соңғы жылдары Қазақстанда шаңғы спортының танымалдығы артқаны мәлім. Ұлттық құрама спортшылары халықаралық деңгейде біршама жетістікке жетіп, әлемдік аренада бәсекелестікке қабілетті екенін дәлелдеп келеді.

Мысалға алар болсақ, былтырғы жылдың 21 қарашасында Шучьеде Шығыс Еуропа кубогы өткен еді. Аталмыш сайыста қазақстандық шаңғышылар спринтте барлық медальды жеңіп алды. Атап айтсақ, ерлер арасында бірінші орынды Святослав Матасов жеңіп алса, екінші орын Ильяс Исабекке, үшінші орын Виталий Пухалоға бұйырды. Әйелдер арасында алтын медальды Тамара Эбель иеленді. Екінші орынға Мария Геращенко, үшінші орынға Анна Мельник шықты. Жалпы, Қазақстан құрамасы алты медаль иемденген.

Кейінірек, Рукада өткен Әлем кубогы кезеңінде спортшыларымыз орташа деңгейде өнер көрсетті. Күткеніміздей үлкен жетістікке жетпесе де, жалпы есепте көрсеткіштерін жақсартқаны рас. Аталмыш сайысқа Қазақстан атынан Наиль Башмаков, Федор Карпов, Олжас Климин, Святослав Матасов, Владислав Ковалев, Виталий Пухало, Ернар Нұрысбеков қатысса, әйелдерлен Дарья Рязко, Надежда Степанкина, Камила Махмұтова, Камила Елғазина, Ангелина Шурыга, Ксения Шалыгина өз бағын сынаған еді.

## АҚ ҚАР ҮСТІНДЕ АЛТЫН ШАҢҒЫ

Сондай-ақ қазақстандық шаңғышы Елена Коломина 10 шақырымдық еркін стильдегі жарыста қола медаль жеңіп алған болатын. Бұл жарыста 30:24.6 минут нәтижесімен жарыс қожайыны Юки Кобаяши жеңімпаз атанған. Коломина жеңімпаздан 49.8 секундқа қалып қойды. Сонымен қатар қазақстандық классикалық стильдегі спринтте күміс медаль еншілеген еді.

Ал 2011 жылы Алматы мен Астанада өткен қысқы Азия ойындарын еске алсақ. Сол жылы Қазақстан құрамасы айтарлықтай үстемдік танытты. Шаңғы жарысынан отандастарымыз алты медаль жеңіп алды. Дәл осылай ұлттық құрама медальдар кестесінде бірінші орынмен жарысты аяқтады. Екінші орынға бес алтын медальмен Жапония құрамасы жайғасқан еді.

Ұлттық құрама бас бапкері Александр Батыйкиннің айтуы бойынша, дәл қазір спортшылар іріктеу кезеңдеріне дайындалуда. Ал негізгі жаттығу кезеңі 22 қаңтарда Алматы қаласында

9 орынға тұрақтаған. Оның нәтижесі 33:22.2 құрады. Сондай-ақ Рё Хиросэ 33:31.4 нәтижесімен 11-ші болып мәреге жеткен.

«Қытайдың қазіргі деңгейін тек Азия ойындарында ғана көреміз. Бұл құрама әзірге жұмбақ болып тұр. Олар күтпеген жерден алға озуы мүмкін. Универсиада нәтижелері арқылы белгілі бір болжам жасауға болады. Дегенмен олардың ұлттық құрамасына іріктеу қатан болғандықтан, бұл елде биатлон жақсы дамып келеді», – деп атап өтті Олимпиада ойындарының күміс жүзделері Елена Хрусталева.

Иә, қысқы Азия ойындарында биатлоннан Қазақстан құрамасы басқа елдерге дес бермей, азулы қарсылас болып келе жатқанына біршама жыл болды. Жалпыкомандалық медальдар кестесінде 19 алтынмен бірінші орында тұрғанымыз соның дәлелі. Бізден кейін Қытай 15 алтынмен, ал Жапония 11 алтынмен із жалғап келеді.

Құрамалар арасында айтарлықтай үлкен айырмашылық жоқ. Мысалы, Қазақстан жерінде 2011 жылы өткен Азиадада барлық бірінші орынды жеңіп алу мүмкін болмады. Қарсыластарымыз жақсы өнер көрсетті, ал ерлер арасындағы жеке жарыста барлық жүзделі орындар Жапония мен Қытайға бұйырды.

Өзге командалардың дайындығы туралы, әсіресе Қытай құрамасының деңгейі туралы нақты айту қиын. Олар Әлем кубогы кезеңдерінде сирек өнер көрсетеді, тек белгілі жарыстарға қатысады. Қытайлықтар көбінесе жергілікті деңгейде дайындалады. Ал осы жылғы Азиада Қытайда өтеді, сондықтан олардың дайындығы өте жоғары болуы мүмкін.

2025 жылғы Қысқы Азия ойындарының ресми сайты Харбинде (Қытай) билеттерді сату үшін басталғанын хабарлады. Ұйымдастыру комитетінің мәліметінше, билеттерді ресми сайттың Tickets бөлімінде немесе арнайы билет платформасы арқылы сатып алуға болады. Сондай-ақ WeChat қосымшасы арқылы да сатып алу мүмкіндігі бар.



Кезеңнің қорытындысы бойынша, әйелдер арасында жеке жарыста 10 шақырым қашықтықта Дарья Рязко 30:10.5 көрсеткішімен 59 орынға жайғасып, қазақстандықтардың арасынан үздік нәтиже көрсеткен. Дәл осы сайыста ерлер арасында Наиль Башмаков көзге түсті. Оның көрсеткіші 25.42.1 болды. Дей тұрғанмен, ерлер арасындағы спринтте Святослав Матасов 1/4 финалға дейін жетті.

Шаңғы жарысынан Қазақстан құрамасы қантар айынан бастап дайындыққа кірісті. Оқу-жаттығу жиыны Шучье қаласында өтіп жатыр. Әзірге тек кеңейтілген құрам ғана жарияланды. Құрамға Дарья Рязко, Камила Елғазина, Ксения Шалыгина, Ангелина Шурыга, Анна Мельник, Святослав Матасов, Виталий Пухало, Владислав Ковалев, Ернар Нұрысбеков, Федор Карпов, Олжас Климин, Константин Борцов, Наиль Башмаков, Дастан Қалыбеков кірді.

2017 жылы Соппорода өткен жарыста Қазақстанның атынан Ринат Мухин топ жарған болатын. Бұл шаңғы жарысынан жеңіп алған жалғыз алтын медаль еді. Отандасымыз 15 шақырым қашықтықта еркін стильде алтын медальға ие болды. Дәл осылай ол жапониялық Наото Баба мен Акира Лентингті басып озды. Мухиннің көрсеткіші 41:25.3 құрады. Сергей Черепанов – төртінші, Николай Чеботько – бесінші және Ердо Ахмадиев алтыншы орынға тұрақтаған еді.

**“ Қысқы Азия ойындарында биатлоннан Қазақстан құрамасы басқа елдерге дес бермей, азулы қарсылас болып келе жатқанына біршама жыл болды. Жалпыкомандалық медальдар кестесінде 19 алтынмен бірінші орында тұрғанымыз соның дәлелі. Бізден кейін Қытай 15 алтынмен, ал Жапония 11 алтынмен із жалғап келеді. ”**

басталады. Негізгі көшбасшыларға назар аудару маңызды әрине, бірақ осы жылғы Азия ойындарында барлық спортшылардың толықтай әлеуетін ашуға мүмкіндігі көп.

Негізгі бәсекелестікке қабілетті құрамаларға келер болсақ. Басты қарсылас Қытай құрамасы екені анық. Себебі бұл жолы Азиада сол аймақта өтеді. Бұл жағдай құрама спортшыларына сенімділік берері сөзсіз. Дей тұрғанмен, Жапония мен Оңтүстік Кореяны ысырып тастауға болмайды. Мысалы 2017 жылы өткен ойындарда Жапония құрамасының шаңғышылары керемет нәтиже көрсетті.

Ал соңғы жылдары өткен Әлем кубогы кезеңдерінде Жапония спортшылары Наото Баба, Рё Хиросэ, Харуки Ямасита бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді. Атап айтсақ, Наото Баба 254 ұпаймен жекеley сында жалпы тізімде 31 орынға жайғасты. Сондай-ақ 2025 жылы 5 қаңтарда Италияда өткен жарыста Наото Баба масс-стартта 10 шақырым қашықтық бойынша, еркін стильде

Казіргі кезеңде мұз үстінде өтетін бес спорт түріне арналған билеттер қолжетімді: хоккей, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және көрлинг. Ең қымбат билеттің бағасы 800 юаньды (57 634 теңге), ал ер аразны 120 юаньды (8 645 теңге) құрайды. Кейбір спорт түрлері үшін әртүрлі баға санаттары ұсынылған.

Айта кетейік, шаңғы жарысы, тау шаңғысы, ски-альпинизмі, биатлон және фристайл-акробатика бойынша жарыстар шектеулі орындарға байланысты билетсіз өтеді.

Қорытындылай келе, биылғы жарыс бәсекеге толы болмақ. Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай құрамаларының спортшылары сакадай сай десек артық айтпаймыз. Ұлттық құраманың бас бапкері де мұны сеніммен айтып отыр. Біздің спортшыларға қысқы Азия ойындарына дайындалуға уақыт жеткілікті. Қазақстандық шаңғышылар аталмыш догада үздік нәтиже көрсетеді деген үмітіміз де жоқ емес. Бастысы, үміт үзілмесін!

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚҚА – ЖАҢА БАСШЫ



Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ спорты федерациясы басшылығында өзгерістер болды. Федерация президенті болып Әкім Тұрсұн сайланды. Ал бұған дейін республикалық федерацияны басқарған қоғам қайраткері Әлихан Байменов ұйымның құрметті президенті болып бекітілді. Сонымен бірге Әлихан Байменов Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы президенті қызметін жалғастырады.

Астанада өткен республикалық федерацияның жыйынында Әлихан Байменов осы күнге дейін ҚР Тоғызқұмалақ спорты федерациясы вице-президенті қызметін атқарған Әкім Тұрсұнды федерация басшысы қызметіне ұсынды. Отырысқа қатысқан өңірлік федерация жетекшілері, тоғызқұмалақ қайраткерлері және федерация басшылық құрамы ұсынатын қолдап, Ә.Тұрсұнды ҚР Тоғызқұмалақ спорты федерациясы президенті лауазымына сайлады.

Айта кету керек, Әлихан Байменов республикалық федерацияның 2004-2025 жылдар аралығында басқарды. Қоғамдық негіздегі жұмыс. Ал Тоғызқұмалақ спорты федерациясы PR директоры лауазымына журналист Ришат Аскарбекұлы тағайындалды. Отырыс барысында федерациясының құрметті президенті Әлихан Байменов жиналғандарға 2024 жылы атқарылған жұмыстар мен шаралардың есебі бойынша ақпарат берді. Өткен жыл ұлттық зияткерлік ойынның ерекше даму жылы болғанын және V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны елдегі тарихи оқиғалардың бірі екенін атап өтті. Жыл қорытындысына сәйкес дәстүрлі жүздеген шараман қатар, тың және ірі жиналыстар мол болды.



Сондай-ақ бұл басқосуда республикалық федерацияның вице-президенттері лауазымына Батырбек Құлекеев, Шолпан Қалдырова, Мақсат Шотаев, Дулет Әбдікаримов сайланды. Мақсат Шотаев вице-президенттігінен бірге Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясында бас хатшы қызметін атқарады. Федерацияның құрметті президенті, президент, вице-президент және бас хатшы қызметтері –



 <p><b>Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС</b></p> <p>Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ</p>	<p>Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ</p> <p>Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары</p> <p>Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор</p> <p>Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі</p>	<p><b>АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:</b>        Абаал АППЫСБAYЫЛЫ – Ақмола облысы        Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы        Сағатхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы        Әдебиет БЕЛГБAYЫЛЫ – Қарағанды облысы        Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы        Жаннат ҚAYЫРҒOҒЫНA – Батыс Қазақстан облысы        Ербақыт ЖАЛҒАСБAY – Қызылорда облысы        Бәни ЖАНЗАҚ – Атырау облысы</p>	<p><b>«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:</b></p> <p>Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102        Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102        Жеке жазылушылар үшін – 65102</p> <p><b>ЖАРНАМА БӨЛІМІ:</b>        8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31        reklama.aikyn@gmail.com</p> <p><b>ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:</b>        8(717) 804-49-32        podpiska.alt@gmail.com</p> <p><b>Газет аптасына 3 рет шығады</b></p>	<p>Газет «Айқының» компьютер орталығында беттелді</p> <p><b>ТАРАЛЫМЫ: 40 000</b></p> <p><b>Тапсырыс №4547</b>        Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС        Сілветі көшесі 30,        тел.: 8(7172) 99-77-77        Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ        Мұқнов көшесі, 223 Б        Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,        Әлімқұлов көшесі 22,        тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,</p>
--	--	--	--	--